

НАУҚАН ЕРЕЖЕЛЕРІ

"ҚАҚПАҚ АСТЫНА ҚАРА ЖӘНЕ МИЛЛИОН ТЕҢГЕ ҰТЫП АЛ" НАУҚАНЫН ӨТКІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әзірленді, олар «Қақпақ астына қара және миллион теңге ұтып ал» науқанын (бұдан әрі – Науқан) өткізу тәртібін, Науқанға қатысу және оның жеңімпаздарын айқындау тәртібін, сондай-ақ жүлдені тапсыру тәртібін айқындайды.

«Қақпақ астына қара және миллион теңге ұтып ал» науқанын ұйымдастырушы «ABELLA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) болып табылады. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Сайрам тұрғын алабы, 11\3 ғимараты. В Акции принимает участие продукция торговой марки JUMBO COLA под промо – крышкой золотого цвета.

Науқанды өткізу мерзімі: 01.01.2021 жылдан бастап 31.08.2021 жылға

дейін. Науқанды өткізу географиясы: Қазақстан Республикасы.

Науқан лотерея немесе құмар ойын болып табылмайды. Науқанға қатысу құқығы төлем енгізумен байланысты емес, жүлде қоры Науқанды Ұйымдастырушының қаражаты есебінен қалыптастырылады. JUMBO COLA науқандық өнімін сатып алу қатысушының науқан шарттарымен толық келісетіндігін білдіреді.

Науқанды өткізу Ережелері туралы ақпарат Интернет желісінде, ұйымдастырушының www.jumbo-cola.com сайтында орналастыру арқылы, белгісіз тұлғалар тобының назарына жеткізіледі. Науқан Ережелеріне енгізілетін барлық өзгерістер, олар күшіне енгенге дейін бір тәулік бұрын, көрсетілген сайтта орналастырылатын болады.

Науқанға – Ұйымдастырушы, техникалық провайдер қызметкерлері (компания атауын жазу), дистрибьютор қызметкерлері және олардың отбасы мүшелерінен басқасы, Науқанға қатысқан кезінде 18 жасқа толған, Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мен Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдар (бұдан әрі – «Қатысушылар») қатыса алады. Науқанға қатысу үшін кәмелетке толмаған тұлғалардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің келісімі болуы қажет.

Ұйымдастырушы Қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттардың

түпнұсқаларын ұсынуды талап ету құқығын өзіне қалдырады. Науқанға қатысу үшін сатып алушы (бұдан әрі – Қатысушы) науқандарды өткізу кезеңінде алтын кілтпен «ABELLA» ЖШС компаниясының TANK ENERGY өнімін сатып алу қажет.

Ұйымдастырушы Қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттардың түпнұсқаларын ұсынуды талап ету құқығын өзіне қалдырады. Науқанға қатысу үшін Қатысушы Науқан өткізілетін кезеңде алтын қақпағы бар JUMBO COLA сауда белгісінің өнімін сатып алуы қажет.

2. ҚАТЫСУ МЕХАНИКАСЫ

1. 2021 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде алтын қақпағы және бірегей коды бар JUMBO COLA сауда маркасының науқандық өнімін сатып алу;

2. Промо сайттағы тиісті өрістерге қақпақ астындағы кодты және телефон нөмірін енгізіңіз jumbo-cola.com;

3. Телефон нөміріне жедел растау үшін тексеру коды келеді;

4. Тексеру кодын растағаннан кейін нәтиже 2 нұсқаның бірін көрсетеді:

- Жұлденің бар болуы және оның атауы

- Сыйлық жоқ, тағы да бақ сынап көріңіз

5. Қатысушы Жұлдені (бұдан әрі – Жұлдегер) жеңіп алған жағдайда, оған WhatsApp қосымшасы арқылы +7 (777) 999-57-57 нөмірі бойынша Науқанды Ұйымдастырушының қолдау қызметіне жүгіну және осы нөмірге қақпақтың астында жұлде кодының фотосуретін және Жұлдегердің жеке басын куәландыратын құжатты жіберу, сондай-ақ оның тұрғылықты мекенжайын көрсету қажет. Ірі ақшалай сыйақы ұтқан жағдайда ақшалай қаражатты аудару үшін Жұлдегердің банктік шотының деректемелерін жазбаша хабарлау.

3. ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ЖӘНЕ ОНЫ БЕРУ ШАРТТАРЫ

Науқанның жұлде қоры Науқанды Ұйымдастырушының есебінен

қалыптастырылады. Жұлденің түрлері:

-500 (бес жүз) теңге мөлшеріндегі ақшалай сыйақы;

-0,5 л JUMBO COLA сауда маркасының өнімі;

- 100 000 (жүз мың) теңге мөлшеріндегі ақшалай сыйақы;

- бас жұлде - 1 000 000 (бір миллион) теңге мөлшеріндегі ақшалай сыйақы. Жұлделер саны шектеулі және Науқан Жұлдегерлері арасында келесі тәртіппен бөлінеді.

Жұлделерді беру шарттары:

500 (бес жүз) теңге мөлшеріндегі жедел жүлдені және 0,5 л JUMBO COLA (Джамбо Кола) сауда маркасының жүлде өнімін ірі сауда желілерін қоспағанда, JUMBO COLA сатудың кез келген нүктесінде тиісті ұтысқа жүлде қақпағын ауыстырып алуға болады.

Ақшалай сыйақылар 1 (бір) миллион және 100 (бір жүз) мың теңге Жүлдегер банктік деректемелерді ұсынған сәттен бастап 7 (жеті) банктік күн ішінде банктік шотқа (жинақ карт-шотқа) аударылатын болады.

Жұлделер Науқан Жүлдегері жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын және ұтыс коды бар промо-қақпақтарды ұсынған жағдайда тапсырылады.

Науқанды Ұйымдастырушы науқанды өткізу қағидаларына өз бетінше өзгерістер енгізуге, сондай-ақ жарнамалық науқанды ұзартуға, жүлделер беру рәсімін өзгертуге, жарнамалық науқан және оны өткізу тәртібі туралы қосымша ақпарат жариялауға құқылы.

Өзгертілген ережелер www.jumbo-cola.com сайтына орналастырылуы тиіс.

Бағалы жүлделерді беру мерзімі техникалық немесе ұйымдастырушылық проблемаларға байланысты неғұрлым кеш мерзімге, бірақ күнтізбелік 15 күннен аспайтын мерзімге ауыстырылуы мүмкін. Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жүлдені алуға байланысты жүлдегерлерде туындайтын барлық міндетті салықтарды төлеу бойынша міндеттемені өзіне алады.

Ұйымдастырушы Жүлдегерлердің есімдері мен фотосуреттерін жарнамалық мақсатта пайдалану құқығын, жарнамалық науқанды ұзарту, жүлделерді беру рәсімін өзгерту құқығын, жарнамалық науқан және оны өткізу тәртібі туралы қосымша ақпаратты жариялау құқығын өзіне қалдырады.